

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталғандарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 4 ақпандағы № 51 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 наурызда № 2244 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 49 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 24.02.2015 № 49 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық – атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Кентау қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталғандарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: Қала және ауыл аумақтарын көріктендіру және тазалау.

2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде сотталған тұлғалардың жазаны өтеу орны: Кентау қаласы әкімдігінің «Тазалық Кентау» және «Жасыл Кентау» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындары айқындалсын.

3. Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Кентау қалалық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға т о қ с а н с а й ы н ұ с ы н с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Е . Б е к т а е в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Б.Байсалов

